

**Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 17 сәуірдегі № 104 " Тыңайтқыштардың құнын (органикалықтарды қоспағанда) субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы" қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 27 маусымдағы № 214 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 1 шілдеде № 6043 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 15 сәуірдегі № 130 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 15.04.2020 № 130 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі). З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 11-бабы 2-тармағының 5-1) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 6 сәуірдегі № 4-4/305 " Тыңайтқыштардың құнын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде нөмірі 11223 болып тіркелген) бұйрығын іске асыру мақсатында, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2019 жылғы 20 мамырдағы № 3-3-5/9273 хаты негізінде Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 17 сәуірдегі № 104 " Тыңайтқыштардың құнын (органикалықтарды қоспағанда) субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде нөмірі 5024 болып тіркелген, 2017 жылғы 24 мамырда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде, 2017 жылғы 23 мамырда "Дидар" және "Рудный Алтай" газеттерінде жарияланған) қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасына:

10-тармақ мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"

Калий сульфаты (күкірт қышқылды калий)	K2O-52%, SO4-53%	тонна	135 000
--	------------------	-------	---------

"  
,

12-тармақ мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"

Азотты-фосфорлы-калийлі кешенді тыңайтқыш (NPK тыңайтқыш) 5:14:14	N-5%, P2O-14%, K2O-14%	тонна	6 4750
---	------------------------	-------	--------

"  
,

20-тармақ мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"

Моноаммонийфосфат тазартылған	N-12%, P2O-61%	тонна	178 500
-------------------------------	----------------	-------	---------

"  
,

46-тармақ мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"

Азотқышқылды калий (калий нитраты)	N-13,7%, K2O-46,3%	тонна	214 500
------------------------------------	--------------------	-------	---------

"  
,

мынадай мазмұнда 309-317-ші тармақтармен толықтырылсын:

"

309	Нитроаммофоска (азофоска), NPK 20:10:10+S маркалы	N-20%, P2O-10%, K2O -10%, S -4%	килограмм	71
310	YaraTera SUPER FK 30	P2O-18,8%, K2O-6,3%, Na2O-5,8%	литр	495
311	Yara Vita Mantrac Pro	N-3,8%, Mn-27,4%	литр	1 944,5
312	Органоминералдық тыңайтқыш HumiPro	Гумин қышқылдары тұздары мен минералды тыңайтқыштардың сулы қоспасы. NPK=0,08-0,05-0,8 органикалық заттар-5,5%, оның ішінде гуматтар – 4,3%, фульваттар-1,04%, кинеттер, амин қышқылдары	литр	2 134,5
313	Органоминералдық тыңайтқыш VitaePro	Табиғи органикалық заттар мен минералды тыңайтқыштардың сулы қоспасы. NPK=0,1-0,05-0,6 органикалық заттар-2,8%, оның ішінде цитокинин, ауксин элиситорлары, B1, B2, C, PP витаминдері, амин қышқылдары	литр	4 269,5
314	АМ маркалы лигногумат	Гуминді заттар тұзы- 80,0-90,0%, K2O-9,0%, S-3,0%. Fe-0,01-0,20%, Mn-0,01-0,12%, Cu-0,01-0,12%, Zn-0,01-0,12%, Mo-0,005-0,015%, Se-0-0,005%, B-0,01-0,15%, Co-0,01-0,12%	килограмм	3 300
315	БМ маркалы лигногумат	Гуминді заттар тұзы – 80,0-90,0%, K2O-5,0-19,0%, S-3,0%. Fe-0,01-0,20%, Mn-0,01-0,12%, Cu-0,01-0,12%, Zn-0,01-0,12%, Mo-0,005-0,015%, Se-0-0,005%, B-0,01-0,15%, Co-0,01-0,12%	литр	792
316	ВМ- NPK маркалы лигногумат	Гуминді заттар тұзы – 40,0-45,0%, K2O-5,0-19,0%, S-1,5%. Fe-0,005-0,1%, Mn-0,005-0,06%, Cu-0,005-0,06%, Zn-0,005-0,06%, Mo-0,003-0,008%, Se-0-0,002%, B-0,01-0,15%, Co-0,005-0,06%, N-0,1-16,0%, P-0,1-24,0%	литр	792

317	Б СУПЕР БИО маркалы лигногумат	Гуминді заттар тұзы – 80,0-90,0%, K2O-9,0%, S-3,0%	литр	792
-----	--------------------------------------	--	------	-----

"

2. Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы әкімдік қаулысы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесінің Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің облыс аумағында таралатын мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы қаулының ресми жарияланғаннан кейін Шығыс Қазақстан облысы әкімінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің агроөнеркәсіп кешені мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Шығыс Қазақстан облысының  
әкімі*

*Д. Ахметов*